

Қаражал қаласының жұмыссыз жастарына арналған жастардың кәсіби дайындығын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі N 59 қаулысы. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 3 мамырда N 8-5-109 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы N 15 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2011.01.26 N 15 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына және Қаражал қалалық Мәслихатының XXXIV сессиясының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 300 "2011-2013 жылдарға арналған қала бюджеті туралы" шешіміне сәйкес нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне N 8-5-105 болып тіркелген, жұмыссыз азаматтардың жоғарғы және арнаулы орта кәсіби оқу орындарының түлектерінің жұмысқа орналасу, іс жүзіндегі тәжірибе, білім және бейімділіктер алу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында Қаражал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган " Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н . Г а р м а ш о в а) :

1) жұмыссыз ретінде "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде тіркелген жоғары оқу орындардың, колледждер мен кәсіптік лицейлердің түлектері арасында жастар тәжірибесін өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;

2) жұмыс берушілермен жұмыссыз жастар үшін жастар тәжірибесін ұйымдастыруға арналған шарттар жасасын;

3) жастар тәжірибесіне қабылданған тұлғалар үшін ай сайын төленетін ақы қалалық бюджеттен бөлінген қаржылардың есебінен 26000 теңге мөлшерінде, алты айдан аспайтын мерзімге белгіленсін.

2. Қаражал қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі N 33 "Қаражал қаласының жұмыссыз жастарына арналған жастардың кәсіби дайындығын ұйымдастыру туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын (Қаражал

қаласы әділет басқармасында 2010 жылы 12 мамырда тіркелген тіркеу нөмірі 8-5-93, 2010 жылғы 22 мамырдағы "Қазыналы өңір" газетінің N 20 жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. Құрмансейітовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаражал қаласының әкімі

Ғ. Әшімов